

"Теміржол көлігін жөндеу үшін қосалқы бөлшектер сатып алу" жобасын қаржыландыруға Германия Федерациялық Республикасы берген займды пайдалану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 4 желтоқсан N 1651

Теміржол көлігінің тұрақты да тиімді жұмысын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ Германия Федерациялық Республикасы мен Қазақстан Республикасы үкіметтері арасындағы қаржылық ынтымақтастық туралы 1994 жылғы 6 мамырдағы Келісім негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Германия Федерациялық Республикасы Қалпына келтіру жөніндегі кредиттік ведомствосы (KfW) теміржол көлігін жөндеу үшін қосалқы бөлшектер сатып алуға берген 4,5 миллион (төрт миллион бес жүз мың) неміс маркасы сомасында жеңілдік жасалған ұзақ мерзімді кредитті пайдалану мақұлдандын.

2. Кредиттің түпкі займшылары саналатын Алматы темір жолы мен "Рысты-АЭВРЗ" акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкісіне кредитті өтеу жөнінде кепілді міндеттемелер беретін болсын.

Сақтандыру жарнасын, қызмет көрсететін банктер комиссияларын, барлық ілеспе шығындар мен проценттерді, сондай-ақ тартылатын кредиттерді төлеу түпкі займшылардың өз қаражаты есебінен жасалатыны еске алынсын.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі:

Қалпына келтіру жөніндегі "KfW" кредиттік ведомствосымен 4,5 миллион (төрт миллион бес жүз мың) неміс маркасы сомасына кредиттік келісім әзірлеп, қол қоятын болсын;

түпкі займшылармен ішкі кредиттік келісім жасассын;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне кредитті өтеу жөнінде қарсы кепілдіктер берсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының кепілдігін берсін;

Қазақстан Республикасының кепілдігін қамтамасыз ету туралы Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкімен келісім жасассын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Көлік және коммуникациялар министрлігі осы жобаның орындалуын және кредит жөніндегі төлемдердің уақтылы төленуін бақылауды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет жобаның іске асуына жалпы басшылықты және бақылауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК